

ДИСКУРС-ТАЛДАУ АРҚЫЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОЛДАНУШЫЛАРДЫҢ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ КӨЗҚАРАСЫ МЕН САРАПШЫЛАРДЫҢ ПІКІРІН АНЫҚТАУ*

¹Алтайқызы Айкерім, ²Нұрназар Пірназаров

¹aikerim.altaiquzy@gmail.com, ²ziyonetvilly@gmail.com

¹ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты,
(Алматы, Қазақстан)

²Қарақалпақ мемлекеттік университеті
(Нүкіс, Өзбекстан)

¹Altaikyzy Aikerim, ²Nurnazar Pirnazarov

¹aikerim.altaiquzy@gmail.com ²ziyonetvilly@gmail.com

¹CS MSHE RK Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies
(Almaty, Kazakhstan)

²Karakalpak State University
(Nukus, Uzbekistan)

Аңдатпа. Зерттеу жұмысында Қазақстандағы діндарлықтың арту үдерістері мен халықтың идеологиялық бағдарларын анықтау мақсатында әлеуметтік желілердің қазақстандық сегментіндегі қолданушылардың дүниетанымдық көзқарасы мен сарапшылардың пікіріне дискурс-талдау жасалды. Сонымен қатар әлеуметтанулық зерттеулердің нәтижелері мен АҚШ-тың Халықаралық дін бостандығы жөніндегі комиссиясының (USCIRF) есебі қарастырылды. Мақала авторы әлеуметтік желілер мен онлайн платформалардың контентін саралай келе жеке тұжырымдарын жасайды.

Түйін сөздер: діндарлық, қазақстандықтардың дүниетанымы, либералды көзқарастар, діни идеялар, дискурс-талдау, діни құндылықтар, әлеуметтік желі қолданушылары.

Кіріспе

Қазіргі әлемнің, оның ішінде Қазақстанның негізгі сипаттарының бірі – ақпараттық қоғамға өту және үдемелі ақпараттық кеңістік ахуалында даму. Бұл өзгерістер қоғамдық өмірдің барлық салаларына әсер етеді және

* Бұл зерттеу (мақала) ҚР ҒЖМ ҒК-нің қаржыландыру аясында № АР09259797 «Қазақстандағы діндарлықтың арту процестері: ерекшеліктері, үрдістері, қоғамның және адами капиталдың дамуына әсері (пәнаралық талдау)» жобасы бойынша әзірленді.

түбегейлі жаңа ақпараттық-коммуникациялық кеңістікті қалыптастыратын ақпараттық технологиялардың жедел дамуымен қатар жүреді. Сандық технологиялардың дамуы олардың қоғамның әлеуметтік және рухани салаларына әсер ету мәселелерін зерттеуді өзекті етеді. Әлеуметтік медианың дамуы жағдайында қоғамдық дүниетанымның қалыптасуы, дамуы және қызмет ету мәселелері ерекше ғылыми қызығушылық тудырады.

Р.А. Волосниковтың [1] зерттеулерінің нәтижелері бойынша Интернеттегі әлеуметтік желілер қоғамдық пікір мен дүниетанымға әсер ету құралы, оны қалыптастыру арнасы және кристалдану платформасы, сондай-ақ қоғамдық пікірді жеткізуге ықпал ететін механизм ретінде әрекет ете алады. Ғалымның пікірінше, олар әртүрлі идеяларды рухани саладан тәжірибелік бағытқа ауыстыра алады. Мысалы, наразылық топтарын біріктіру және белсенді ету.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі әлеуметтік өзара әрекеттесу құрылымдарын әртүрлі деңгейлерде түрлендіретін жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялар рөлінің артуына байланысты. Жаңа медиа әлеуметтік қатынастарды құрудың, ұдайы өндірудің және ұйымдастырудың түбегейлі жаңа саласын білдіреді.

Аталмыш ақпараттық ортаның пайда болуы мен дамуы тұтастай алғанда қоғамның құндылықтар жүйесі мен қазіргі заманғы адамның дүниетанымдық басымдықтарының өзгеруіне айтарлықтай әсер етті. Технологияның дамуына байланысты өмірімізде пайда болған артықшылықтарға қарамастан, жаңа медианың өскелең ұрпаққа әсері қауіпті де болуы мүмкін. Мәселен, ақпараттық қоғамның дамуы жеке адам өмірінің негізгі үдерістерінің бірі – әлеуметтенуді түрлендіреді. Ақпараттық қоғам дамуының әсерінен әлеуметтену үдерісі киберәлеуметтенуге айналады, сонымен қатар жағымды және жағымсыз көріністерге ие болады. Қазіргі таңдағы басты қауіп – жастардың құндылық бағдарларының қалыптасуы.

Өскелең ұрпақтың санасында қалыптасқан қоғамдық маңызы бар құндылықтар индивидуалистік тәртіп нұсқауларымен алмастырылуда. Уақыт өткен сайын қарама-қайшы көзқарастар мен құндылық бағдарлар бар, қоршаған орта мен дүние туралы толық түсінік пен бейне жоқ. Әлеуметтік желілер әлеуметтенудің классикалық институттарын – отбасын, мектепті, кейде шын өмірдегі достар мен таныстарды екінші орынға ығыстыруда деп айта аламыз.

Әлеуметтанушылардың пікірінше, құндылықтар жүйесі адамның санасы мен өзін-өзі жүзеге асыру құрылымындағы негізгі басымдықтар болып табылады, өйткені олар оның тұлға ретіндегі ерекшеліктерін айқындайды. Ақпараттық қоғамның қарқынды дамуымен «сандық

ұрпақтың» құндылық бағдарларының ерекшеліктеріне зерттеушілік қызығушылық артып келеді. Осыған орай бұл мақалада біз дискурс-талдау арқылы әлеуметтік желілердегі қазақстандық қолданушылардың дүниетанымдық көзқарасы мен сарапшылардың пікірін анықтауға тырыстық.

Зерттеу әдіснамасы

Мақала тақырыбының ерекшелігі мен зерттеу пәніне байланысты негізгі әдістеме ретінде дискурс-талдау қолданылды. Сонымен қатар қазақстандықтардың дүниетанымдық көзқарастарын анықтау үшін жүйелік және жіктеу тәсілдері пайдаланылды. Ал либералды және дәстүрлі құндылықтардың жақтастарын және олардың өзара қарым-қатынасын айқындау мақсатында, сондай-ақ қазақстандықтардың азаматтық, діни және этникалық тұрғыдан бірлестігін топтастыру барысында салыстырмалы әдіс жүзеге асырылды.

Негізгі бөлім

Әлеуметтік желілердің қазақстандық сегментін 2021 жылғы дискурстық талдаудың нәтижелері қазақстандықтардың діндарлығы мен дүниетанымын қалыптасуымен байланысты қарама-қайшы екі үрдісті көрсетеді. Біріншіден, демократиялық өзгерістермен және жаһандық мәдени-интеграциялық үдерістермен байланысты либералдық идеялар мен көзқарастарды қолдаушылардың өсуі. Сондай-ақ тағы бір маңызды себеп – батыс мәдениеті мен идеологиясының ықпалы, өйткені ғылыми-техникалық прогресс пен жоғары өмір сүру деңгейі қазақстандық жастарды қызықтырады, либералдық құндылықтарды ұстанушылар санының өсуінен көрініс табады.

Қазақстандық қолданушылардың көп бөлігі экономикалық қиындықтар, жүйелі жемқорлық және сөз бостандығын атап, эмигрант көңіл-күйі бар екендігін көрсетеді. ЛГБТ адамдар (ағылшын тілінде лесбияндарға (Lesbian), гейлерге (Gay), бисексуалдарға (Bisexual) және трансгендерлерге (Transgender) сілтеме жасау үшін пайда болған аббревиатура) [2], орамал таққан қыздар және басқа да «фундаменталды» көзқарастағы мұсылмандар сияқты топтар халықтың әлеуметтік қысымына және жұмысқа орналасу қиындығына байланысты басқа елге қоныс аударуға мәжбүр екендігін хабарлайды. Консервативтік көзқарастың жақтастары – онлайн-платформалардағы қазақстандықтар либералдық құндылықтарға қарсы агрессивті ұстанымды танытады, оларды рухани

қауіп ретінде қабылдайды.

Әлеуметтік платформалардың мониторингі әртүрлі дүниетанымдық көзқарасты ұстанушылар арасындағы төзімсіздіктің жоғары деңгейін көрсетті. Қазақстандықтар белгілі бір әлеуметтік құрылымдар мен когнитивтік заңдылықтарды белгілеп, таңуға бейім, ал ережелерден кез келген ауытқу мен нормаларды бұзу ауыр қабылданады.

Екіншіден, діни-дәстүршіл құндылықтардың өзектілігінің артқандығы байқалады, ол мәдени бірегейлікті іздеумен және ұлттық сана-сезімнің жаңғыруымен байланысты. Діндар қазақстандықтар, атап айтқанда, негізінен этникалық қазақтар болып табылатын «тәжірибе жүзінде күнделікті діни ғибадатты орындайтын» мұсылмандар санының артуы байқалады. Дінге сенушілердің санының артуына қарамастан пайыздық үлесі тұрғысынан діндар адамдар қазақстандық интернет қолданушылардың айтарлықтай аз бөлігін алады, көпшілігі этникалық құндылықтар төңірегінде топтасады. Көбінесе діни сәйкестілік этникалық бірегейліктің негізгі белгілерінің бірі болып табылады.

Жалпы азаматтық құндылықтар этникалық құндылықтардан айтарлықтай кейінгі орында, әртүрлі этникалық топтардың өкілдері бір-бірін мәдени және өркениеттік тұрғыдан бөтен санайды. Ең басты халықты топтарға бөлетін фактор – тілдік аспект. Бүгінгі күні еліміздегі демографиялық жағдайдың өзгеруі қазақтілді ортаның басым болуына әкелді деп айта аламыз. Осыған байланысты қоғам тарапынан мемлекеттің тіл саясатына қойылатын талаптар да өзгеруде. Кейбір интернет-блогерлердің пікірінше, орыстар мен басқа да славян аз ұлттарының елімізден эмиграциясының артуы мемлекеттік тілді «үйренуге» құлықсыздықпен байланысты [3]. Жоғарыда аталған үдерістер православие шіркеулері мен олардың ізбасарлары санының өсуін бәсеңдетті. Ал жаңа мешіттердің құрылысы керісінше қарқынды түрде жалғасуда.

Н. Мұстафаевтың айтуынша, алдағы уақытта Қазақстан халқының діндарлығы тек арта түседі. Дәлірек айтқанда, жақын болашақта КСРО-ның ыдырауы және «діни серпіліс» кезіндегідей номиналды сандық көрсеткіштер бойынша емес, діни ортадағы сапалық өзгерістерге байланысты діни тәжірибені күнделікті орындайтын сенушілердің үлесі артады [4]. Сарапшы біздің мемлекет ресми түрде зайырлы болып қала береді, бірақ мұсылмандық сипаты басым елге айналады деп есептейді. Исламды саясаттандырып, радикалды діни топтардың таралуына жол бермеу үшін ең алдымен мемлекеттің әлеуметтік саясатын түбегейлі жетілдіру қажет.

Досым Сәтбаев Қазақстанның саяси өрісіндегі жастардың рөлі және сайлаушылар мен саясаткерлердің болашақта қандай болатыны туралы сұрақтарға жауап бере отырып, бірнеше үрдістерді атап көрсетеді:

– біріншіден, орыстілді оппозиция дәуірі әлсіреп, Қазақстанның са-

яси сахнасында жаңа қазақтілді саясаткерлер мен ұйымдар қалыптасып жатыр;

– екіншіден, жас қазақстандықтардың негізгі идеологиялық ағымы екі бағыт – ұлттық-патриоттық және діни – болады.

Яғни, бүгінгі күннің өзінде ел жастары ұлттық-патриоттық, діни идеяларды саясатқа алып келеді деп айта аламыз. Осыған байланысты үкіметшіл де, оппозициялық саяси ойыншылар да осы фактілерді ескеруі тиіс [5]. Түрлі сұхбаттары мен блогтарында саясаттанушы Қазақстанның және Орталық Азияның басқа да елдерінің жаңа ұрпағы өздерін ислам әлемі мен өркениетінің бір бөлігі ретінде сезінуі уақыты өткен сайын арта түседі деп есептейді. Ал қазақстандықтардың «діндарлығы» мен идеологиялық көзқарастары қай бағытта дамיתыны елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың дамуына байланысты. Осы салалардағы тиімді мемлекеттік саясат пен жүйе ғана діни көзқарастардың радикалдануына жол бермей, рухани-саяси қауіпсіздікті қамтамасыз ете алады.

Досым Сәтбаев атап өткендей, қазақ жастары біртекті демографиялық топ емес. Ол әртүрлі идеологиялық көзқарастар мен субмәдениеттерден тұрады: этникалық, әлеуметтік, тілдік, діни, ұлттық-патриоттық, либералдық және т.б. Осы факторлар ескерілмесе, бірыңғай мемлекеттік жастар саясаты тиімді нәтиже бермейтінін түсінуіміз керек. Өйткені, жас қазақстандықтар өз көзқарастарына қарай әртүрлі құндылықтарға, үрдіс орталықтары мен пікір көшбасшыларына сүйенеді, әртүрлі ақпарат көздерін тұтынады және Қазақстанның болашағын мүлде әрқилы елестетеді.

Алайда әлеуметтанулық зерттеулер Қазақстан азаматтарының діндарлығының төмендігін көрсетеді. Мысалы, Ranking мониторинг жобасының сауалнамасының нәтижелері қазақстандықтардың дінге деген көзқарасын бағалауға және олардың конфессиялық нормаларды қаншалықты ұстанатынын түсінуге мүмкіндік береді. Қазақстандықтардың көпшілігі (70%-ға жуығы) өздерін сенуші деп санайтынына қарамастан, нәтижелер діндарлықтың төмен деңгейін көрсетеді, тек 26%-ы ғана діни нұсқаулар мен рәсімдерді сақтайды. «Зерттеуге сәйкес, халықтың дінге қарай пайыздық бөлінуі келесідей болды: сүнниттік мұсылмандар – 61,3%; православиелік христиандар – 17,2%; католиктер – 5%; құдайға сенетіндер, бірақ ешқандай діни бағытқа жатпайтындар – 15,8%; сенбейтіндер, бірақ басқа адамдардың діни сезімін құрметтейтіндер – 23,5%; атеистер – 9,1%» [6].

2021 жылы Azattyq.org сайтында АҚШ-тың Халықаралық дін бостандығы жөніндегі комиссиясының (USCIRF) есебі жарияланды [7]. Қазақстандағы діни сенім бостандығы саласындағы кейбір оң өзгерістерге

қарамастан, мемлекет діни бірлестіктердің қызметін және халықтың өсіп келе жатқан діндарлығын реттеуге тырысып, репрессиялық саясатты қолдануды жалғастыруда, деп хабарлайды комиссия.

Құжат 26 мемлекетті қамтиды, Қазақстан бұл тізімде «ерекше қадағалауды қажет ететін мемлекет» ретінде белгіленген. USCIRF келесі себептерді атап өтеді:

- діни бірлестіктерді тіркеуге қойылатын қатаң талаптар;
- мемлекет «дәстүрлі емес» деп атайтын діни топтар тізімінің болуы;
- конфессиялық азшылықтарға қатысты мемлекеттік саясат;
- үкімет «экстремизм» түсінігін кеңінен қолданады, бұл саяси оппоненттерді қудалауға және басуға мүмкіндік береді.

Құжатта өткен жылғы Қордайдағы қазақ-дүнген қақтығысы да қарастырылған. Комиссияның пікірінше, Қордай дағдарысының бір себебі діни фактор. Өйткені мемлекеттің ресми саясаты қазақ болмысын ханафилік исламмен байланыстырып, «шетелдік» исламды экстремистік идеологиямен сәйкестендіреді. Осылайша, Қазақстан билігінің ұстанымы осы қақтығыстарға әкеліп соқтырған діни және этникалық азшылықтар үшін дұшпандық ортаның қалыптасуына ықпал етуі мүмкін.

Баяндама авторлары Шыңжаңдағы қазақтар мен басқа да мұсылмандарды діни себептермен қудалау мәселесін қарастырды. Құжатта азаптау, зорлау, зарарсыздандыру және басқа да қылмыстар фактілері туралы хабарлаған «лагерьлердің» бұрынғы тұтқындарының мәліметтері бар. Сарапшылар Қытай билігінің Шыңжаңдағы әрекетін халықаралық құқыққа сәйкес геноцид деп бағалауға болады деп есептейді. Осыған байланысты USCIRF барлық елдерді Қытайға қарсы санкциялар қолдануға және оларды жауапкершілікке тартуға шақырады.

Осы орайда, Қазақстанда (Алматы қаласы) шет мемлекеттердегі қазақ диаспораларының құқықтарын қорғаумен айналысатын «Атажұрт Еріктілері – Atajurt Kazakh Human Rights» ұйымының бар екенін айта кеткен жөн. Бүгінде бұл ұйым Қытайдағы қазақтардың/басқа мұсылман азшылықтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін әлеуметтік желілерде белсенді жұмыс жасауда. Қазақстан жұртшылығының «Атажұрт Еріктілері – Atajurt Kazakh Human Rights» ұйымының қызметіне реакциясын біржақты деп атауға болмайды. Желідегі қолданушылардың көпшілігі ұйымның жұмысын екі себепке байланысты қолдайды: этникалық – шетел қазақтары – қазақ халқының және оның мәдениетінің бір бөлігі, бұл идеяны жақтаушылардың кейбіреулері үшін Қазақстанда тек этникалық қазақтар ғана «өзіміз» болып табылады; діни – қазақстандық билік Шыңжаңдағы қазақтарды ғана емес, бүкіл мұсылмандарды қолдауы керек, өйткені біздің еліміз – ислам әлемінің бір бөлігі. Ал қолдамайтын қазақстандықтар мынадай себептерді атайды: Қазақстан өзінің ішкі

мәселелеріне назар аударып, басқа мемлекеттің ішкі ісіне араласпауы тиіс; Қазақстан азаматтары ұлттық шығу тегіне қарамастан шетел қазақтарына қарағанда әлдеқайда жақын.

27 қарашада Қазақстан Республикасы Президентінің Баспасөз хатшысы Берік Уәлидің [8] Facebook желісіндегі парақшасында Қазақстан билігінің Комиссияның әлемдегі діни сенім бостандығының жағдайы туралы жыл сайынғы баяндамасына ресми реакциясы жарияланды. Онда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың діни сенім бостандығы саласындағы жағдайды жақсарту жөніндегі оң өзгерістер мен бастамалары жөніндегі комиссияның қорытындылары атап өтілді. Сондай-ақ Комиссия атынан төраға Надин Маенза мен оның орынбасары Нури Туркелдің хаты жарияланды, онда келесі мәселелер көрсетілген:

1) Комиссия Қазақстан үкіметінің Комиссия ұсынымдарын қайта қарауда расталған діни сенім бостандығы саласындағы реформаларды жалғастыру жөніндегі міндеттемесін жоғары бағалайды;

2) Комиссия Қазақстан басшылығының қолданыстағы заңнамаға енгізілмеген мәселелерді шешудегі тұрақтылығына сенім білдіретінін атап өтті;

3) Қазақстан мен Америка Құрама Штаттары арасындағы Сарапшылардың жұмыс тобының алдағы отырыстары аясында діни сезімдерді қорлауды тіркеу және қылмыстық жауапкершілікке тарту мәселелері бойынша бірлескен диалогты жалғастыруға ниет білдірді;

4) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Комиссия арасындағы қарым-қатынасқа оң баға берілді.

АҚШ-тың халықаралық дін бостандығы жөніндегі комиссиясының талдауының маңыздылығы туралы айтатын болсақ. Бұл – президентке және басқа да мемлекеттік органдарға сабағаттық қызметтер мен ұсыныстар беретін АҚШ үкіметінің тәуелсіз органы. Комиссияның баяндамалары Америка Құрама Штаттарының шешімдері мен сыртқы саясатына әсер етеді, ал Вашингтон әлемдегі маңызды саяси ойыншы болып табылатыны белгілі.

Дінтанушы Е. Смағұлов [9] діни экстремизм діндарлықтың өсуінің теріс салдарына айналуы мүмкін және қазақстандықтардың діни радикалдардың ықпалына түсіп қалмауы үшін мынандай шараларды қолға алу қажет деп есептейді:

1) әлеуметтік мәселелерді шешу – адамдардың, әсіресе жастардың маргиналдануына жол бермеу, «әлеуметтік лифттер» жұмыс істеуі тиіс;

2) білімділік пен парасаттылық – дін негіздерін терең білу ғана емес, сонымен қатар жалпы білімді игеру және жан-жақты сауаттылық, сыни ойлау қабілеті, прагматизм;

3) идеологиялық қарсылық – ақпаратты оқырманға қолжетімді ны-

санда ұсыну. Білім беру порталдарын дамыту, әлеуметтік желілерде ағартушылық ақпаратты одан әрі кеңейту.

Сарапшы бүгінгі күні Қазақстанда экстремизм мен терроризмге қарсы үгіт-насихат пен сын тым көп екенін айтады. Діннің рухани құрамдас бөлігін, оның мәдениетпен, тарихпен, дәстүрмен байланысын көрсететін контент аз. Радикализм туралы және исламның мәдениетке қосқан үлесі, дүние жүзі мен Қазақстанның ұлы мұсылман ағартушылары және т. б. туралы материалдардың саны мен сапасын салыстырсақ, көзге көрінетіндей теңгерімсіздікті байқаймыз. Мәселен, мешіттердің сәулеті – мұсылман ғибадатханасының құрылымы, сәулеттік-стильдік ерекшеліктері, оның исламның рухани орталықтарымен байланысы маңызды тақырыптардың бірі болуы мүмкін. Е. Смағұловтың айтуынша, Қазақстан мұсылмандық сәулет өнері алуан түрлі және оған тиесілі төл ерекшеліктері бар. Алдын алу шарасы ретінде ол экстремистік идеология мен лаңкестік ағымдар туралы дәрістердің орнына мешіттерімізге экскурсия ұйымдастыруды немесе мұсылман шығысының мәдениеті, өнері, философиясы туралы кездесулерді ұсынады.

Саясаттанушы Д. Әшімбаев [10] қазақстандықтардың діндарлығы рухани емес, тұрмыстық дәстүрлермен байланысты деп есептейді. Дегенмен, ислам әлемі Қазақстанға белсенді түрде енуде. Дінді танымал ету үшін, әдетте, ауқымы бойынша мемлекеттік бағдарламалардан асып түсетін қайырымдылық шаралары қолданылады. Өкінішке орай, Қазақстанда исламданудың күшеюі мәдениет пен білімнің өсуіне ықпал ете алмайды. Білім, мәдениет, құқықтық мәдениет және өмірдің басқа да маңызды салалары қазақстандықтардың өмірлік кешенінен барған сайын шығып бара жатқандықтан, білім культін діни ережелер жүйесімен алмастыру ең кемінде ілгері дамуға кепілдік бере алмайды.

Д. Әшімбаевтың пікірінше, бұған қарамастан, идеологиялық үдеріс ретінде исламдану кең етек алуда деп айтуға болмайды. Біздің елде халифат құру мүмкін емес, өйткені жалпы халықтың басым бөлігі идеологиялық күреске түсуге дайын емес. Саясаттанушының айтуынша, қазақстандық қоғамдағы діндарлықтың өсуі әділеттілікке деген үлкен сұраныспен байланысты, сонымен қатар қазіргі мәдени ахуалда халыққа белгілі бір құндылықтар жүйесі қажет.

Жалпы соңғы жылдары қазақстандықтардың рухани дүниетанымының қалыптасуына қатысты көптеген ғылыми еңбектер жазылып келеді. Мәселен, Философия, саясаттану және дінтану институтының «Қазақстан Республикасындағы идеологиялық құрылыс: «Қазақстан-2050» Стратегиясы контекстіндегі эволюцияның белестері мен даму жолдары» [11] атты монографиясында мынадай қорытынды жасалады: «Қазақстандық

қоғамның әлеуметтік бейімделу жолында жаңа міндетті шешу қажет – табысқа жету жолы ретінде өзін-өзі дамытуға, жеке күш-жігерге ұмтылу бағытында басым консервативті көңіл-күйді қайта құрылымдау. Қазақстандықтардың діліне икемділік пен ұтқырлық тән. Дегенмен, жаһандану ахуалында ел тәуелсіздігін сақтау үшін қажет болған жеделдетілген жаңғыру үдерісі қоғамдық санаға елеулі сынақ болды. Бұл күйзелістер қысқа мерзім ішінде геосаяси және геоэкономикалық шеткері аймақтан әлемдік дамудың негізгі бағыттарына өтуге байланысты туындады. Халықтың белгілі бір бөлігі өзгерістерге дайын болмады, бұл ұлттың «әлеуметтік иммунитетінің» белсендірілуіне әсер етті, сол себепті қорғаныс механизмдері, «блоктар» және жаңа үрдістерге қарсылық күшейді».

Жаңашыл үрдістерге жауап ретінде модернизацияға қарсы әрекеттер пайда болды. Бұл, мысалы, архаикалық түрдегі діндарлықтың өсуінен көрінеді. Халықтың бір бөлігі өткенге оралуды, дәстүршілдікті қалайды. Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңдерінде мұндай көзқарас тарихи-мәдени кеңістік жүйесіндегі өз орнын анықтау әрекеті болды. Бірақ бүгінде ол модернизацияға тікелей қарсы тұрудың тетігіне айналуға [11, 411 б.].

Қорытынды

Қазіргі кезде Қазақстанда бәсекелес бірнеше идеологиялық-саяси ағым пайда болды, оларға сәйкес келесі құндылықтар жүйесін бөліп көрсетуге болады – діни, ұлттық, дәстүрлі және либералды. Бұл идеологиялық ағымдар өздерінің бірлескен әрекетінде Қазақстанның одан әрі дамуының мазмұны мен векторына айтарлықтай әсер ете алады. Біздің ойымызша, қазақстандық қоғамның шектен шықпай ұлттық ділдің негізгі құндылықтары мен артықшылықтарын нығайту қажет, әлбетте, мемлекетті құраушы этнос мәдениетінің аясында жүзеге асырылуы тиіс.

Ал қазақ халқының ең басты артықшылығы – дәстүрлі көшпелі менталитеттің ашықтығы. Көшпелі қоғамның мыңжылдық дәстүрлері қазақтардың ашықтығы мен әлеуметтік ұтқырлығын қалыптастырды. Қазақ халқы ұлттық мақсатқа бағындырылатын түрлі этностар мен ұлыстардан құралған Қазақстан елін құра алады. Дегенмен, бұл қабілетті дамыту үшін саяси ынталандыру қажет. Саяси басымдықтар азаматтық құндылықтарды күшейтуге бағытталуы аса маңызды. Себебі, дискурс-талдаудың нәтижелерінен көріп отырғанымыздай, Қазақстан қоғамы әртүрлі мәдени құндылықтар мен этностар бірегейліктеріне бөлінген. Азаматтық сәйкестілік кейінгі орынға ығысып, тұтас ұлттық идеялар жоқ екенін байқаймыз.

Мақалада жасалған дикурс-талдаудың қорытындыларына сүйене оты-

рып, азаматтық құндылықтардың қалыптасуына ықпал жасайтын келесі тұжырымдамаларды айқындауға болады:

- қазақстандық саяси жүйенің демократияландыру үдемелі түрде жалғастыру;

- халықтың экономикалық ахуалын жақсарту, әлеуметтік мүмкіндіктерді жетілдіру;

- діни сауаттылықты арттыру, жалпы бәсекеге қабілетті сапалы білім беру жүйесін қалыптастыру;

- әртүрлі идеологиялық топтарға, әсіресе жаңа діни немесе либералды қауымдастықтарға деген мемлекеттік қарым-қатынасты қайта қарау және төзімді қоғамдық пікірді қалыптастыруға ықпал жасау;

- меритократия мен әділетті бәсекеге негізделген қоғамды дамыту арқылы халықтың Қазақстан мемлекеттілігіне деген сенімін арттыру.

Әдебиеттер тізімі

1 Волосников А.Р. Влияние социальных медиа на формирование и функционирование общественного мнения // Социологический альманах. – 2019. – № 10. – С. 82-90.

2 ЛГБТ. [Электрондық ресурс] URL <https://clck.ru/АНКк9> (қаралған күні 10.01.2021).

3 Руслан Тусупбеков. [Электрондық ресурс] URL <https://www.facebook.com/profile.php?id=100001967901904>; Aman Mambetali. [Электрондық ресурс] URL <https://www.facebook.com/aman.qazaq>; Мұхтар Тайжан. [Электрондық ресурс] URL <https://www.facebook.com/mukhtar.taizhan> и др. (қаралған күні 22.01.2021).

4 Казахстан становится все более мусульманской страной. Чем это чревато? [Электрондық ресурс] URL <https://camonitor.kz/35510-kazahstan-stanovitsya-vse-bole-musulmanskoj-stranoy-chem-eto-chrevato.html> (қаралған күні 29.07.2020.).

5 Досым Сатпаев: «Молодежь принесет в политику национал-патриотические и религиозные идеи». [Электрондық ресурс] URL <https://misk.org.kz/ru/events/2c2ab39c-4147-420b-8746-907185a0e0f4/> (қаралған күні 20.10.2021).

6 Религиозная ситуация в РК. [Электрондық ресурс] URL <https://clck.ru/YV8pZ> (қаралған күні 16.04.2021).

7 «Множество ограничений». Доклад о ситуации с религиозной свободой в Казахстане. [Электрондық ресурс] URL <https://rus.azattyq.org/a/31217287.html> (қаралған күні 22.04.2021).

8 Берік Уәли (Berik Uali). Комиссия США по международной религиозной свободе отметила положительные изменения в сфере религиозных свобод в Казахстане. [Электрондық ресурс] URL https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=4415177525272312&id=100003403233694 (қаралған күні 27.11.2021).

9 Что нужно делать, чтобы казахстанцы не попадали в пучину экстремист-

ского мракобесия? [Электрондық ресурс] URL <https://strategy2050.kz/ru/news/chto-nuzhno-delat-chtoby-kazahstancy-ne-popadali-v-puchinu-ekstremistskogo-mrakobesiya/> (қаралған күні 23.08.2021).

10 Вместо мечетей надо строить школы — политолог об исламизации Казахстана [Электрондық ресурс] URL <https://365info.kz/2021/07/vmesto-mechetej-nado-stroit-shkoly-politolog-ob-islamizatsii-kazahstana> (қаралған күні 12.07.2021).

11 Шаукенова З.К., Дунаев В.Ю. Идеологическое конструирование в Республике Казахстан: веки эволюции и траектории развития в контексте Стратегии «Казахстан-2050»: монография. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2013. – 438 с.

Transliteration

1 Volosnikov A.R. Vliyanie social'nyh media na formirovanie i funkcionirovanie obshchestvennogo mneniya [The Influence of Social Media on the Formation and Functioning of Public Opinion] // Sociologicheskij al'manah. – 2019. – № 10. – S. 82-90.

2 LGBT [LGBT]. [Elektronnyk resurs] URL <https://clck.ru/AHKk9> 10.01.2021.

3 Ruslan Tusupbekov. [Elektronnyk resurs] URL <https://www.facebook.com/profile.php?id=100001967901904>; Aman Mambetali. [Elektronnyk resurs] URL <https://www.facebook.com/aman.qazaq>; Muhtar Tajzhan. [Elektronnyk resurs] URL <https://www.facebook.com/mukhtar.taizhan> and others. 22.01.2021.

4 Kazakhstan stanovitsya vse bolee musul'manskoj stranoy. Chem eto chrevato? [Kazakhstan is Becoming More and More a Muslim Country. What is the Risk?]. [Elektronnyk resurs] URL <https://camonitor.kz/35510-kazahstan-stanovitsya-vse-bolee-musulmanskoj-stranoy-chem-eto-chrevato.html> 29.07.2020

5 Dosym Satpaev: “Molodezh’ prineset v politiku nacional-patrioticheskie i religioznye idei” [Dosym Satpayev: “Young People Will Bring National-Patriotic and Religious Ideas to Politics”]. [Elektronnyk resurs] URL <https://misk.org.kz/ru/events/2c2ab39c-4147-420b-8746-907185a0e0f4/> 20.10.2021.

6 Religioznaya situaciya v RK [The Religious Situation in the RK]. [Elektronnyk resurs] URL <https://clck.ru/YV8pZ> 16.04.2021.

7 “Mnozhestvo ogranichenij”. Doklad o situacii s religioznoj svobodoj v Kazahstane [“Lots of Restrictions”. Report on the Situation with Religious Freedom in Kazakhstan]. [Elektronnyk resurs] URL <https://rus.azattyq.org/a/31217287.html> 22.04.2021.

8 Berik Uali. Komissiya SSHA po mezhdunarodnoj religioznoj svobode otmetila polozhitel'nye izmeneniya v sfere religioznyh svobod v Kazahstane [The US Commission on International Religious Freedom Noted Positive Developments in the Field of Religious Freedom in Kazakhstan]. [Elektronnyk resurs] URL https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=4415177525272312&id=100003403233694 27.11.2021.

9 Chto nuzhno delat', chtoby kazahstancy ne popadali v puchinu ekstremistskogo mrakobesiya? [What Needs to be Done so that Kazakhstanis do not Fall Into the Abyss of Extremist Obscurantism?]. [Elektronnyk resurs] URL <https://strategy2050>.

kz/ru/news/chto-nuzhno-delat-chtoby-kazakhstantsy-ne-popadali-v-puchinu-ekstremistskogo-mrakobesiya/ 23.08.2021.

10 Vmesto mechetej nado stroit' shkoly – politolog ob islamizacii Kazahstana [Schools Should be Built Instead of Mosques – Political Scientist on Islamization of Kazakhstan]. [Elektrondyk resurs] URL <https://365info.kz/2021/07/vmesto-mechetej-nado-stroit-shkoly-politolog-ob-islamizatsii-kazahstana> 12.07.2021.

11 Shaukenova Z.K., Dunaev V.YU. Ideologicheskoe konstruirovanie v Respublike Kazahstan: vekhi evolyucii i traektorii razvitiya v kontekste Strategii “Kazahstan-2050” [Ideological Construction in the Republic of Kazakhstan: Milestones of Evolution and Development Trajectories in the Context of the Strategy “Kazahstan-2050”]: monografiya. – Almaty: Institut filosofii, politologii i religiovedeniya KN MON RK, 2013. – 438 s.

Алтайқызы А., Пирназаров Н.

Определение мировоззренческих ориентиров казахстанских пользователей в социальных сетях и мнений экспертов посредством дискурс-анализа

Аннотация. В исследовательской работе был проведен дискурс-анализ мировоззрения пользователей казахстанского сегмента социальных сетей и мнения экспертов с целью определения процессов религиозизации в Казахстане и идеологических ориентаций населения. А также были рассмотрены результаты социологического исследования и отчет Комиссии США по международной религиозной свободе (USCIRF). Автор статьи делает собственные выводы, анализируя контент социальных сетей и онлайн-платформ.

Ключевые слова: религиозность, мировоззрение казахстанцев, либеральные взгляды, религиозные идеи, дискурс-анализ, религиозные ценности, пользователи социальных сетей.

Altaikyzy A., Pirnazarov N.

Determining the Worldview Orientations of Kazakhstani Users in Social Networks and Expert Opinions Through Discourse Analysis

Abstract. In the research work, a discourse analysis of the worldview of users of the Kazakhstani segment of social networks and the opinions of experts was carried out in order to determine the processes of religiousization in Kazakhstan and the ideological orientations of the population. The results of a sociological study and the report of the US Commission on International Religious Freedom (USCIRF) were also considered. The author of the article draws his own conclusions by analyzing the content of social networks and online platforms.

Keywords: religiosity, worldview of Kazakhstanis, liberal views, religious ideas, discourse analysis, religious values, users of social networks.